KAZENERGY

# ТжЖБКБ оқу орындарында (колледждерде, оның ішінде орта білімнен кейінгі білім алу үшін) оқу үшін 2021-2022 оқу жылында грант алуға конкурстық іріктеу туралы хабарландыру

(жер қойнауын пайдаланушылардың қаражаты есебінен, тел.: 8 7172 794975, www.kazenergy.com)

**Конкурсқа қатысуға рұқсат беру үшін құжаттарды қабылдау және тіркеу ағымдағы жылдың 15 шілдесінен бастап жүзеге асырылады.** Электрондық өтінімді grant.kazenergy.com сайтында жоғарыда көрсетілген мерзімде толтыру қажет. Кандидаттардың құжаттарын қарау құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап 25 (жиырма бес) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады.

**Конкурсқа қатысу шарттары *:**

1) Қазақстан Республикасының азаматтығы.
2) Оқу орнына шартсыз қабылдау немесе оқыту (білім алушыда қаржылық берешек болмаған кезде).
3) Үлгерімінің келесі көрсеткіштерге сәйкестігі:
- негізгі орта білім туралы куәліктің немесе жалпы орта білім аттестатының орташа балы 1 (бірінші) курсқа түскен адамдар үшін кемінде 4,0 (5,0-ден);
- техникалық және кәсіптік білім туралы диплом бойынша мамандық (оның ішінде жұмыс) алған кандидаттың және білім алушының үлгерімінің орташа балы – өткен оқу жылы үшін кемінде 4,5 (5,0-ден).

**Қажетті құжаттар тізімі:**

1) Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) көрсетілген жеке куәліктің/туу туралы куәліктің/паспорттың көшірмесі.
3) Алдыңғы білім алғанын және үлгерім балын растайтын құжаттың көшірмесі (негізгі орта білім туралы куәлік не жалпы орта білім аттестаты) – 1 (бірінші) курсқа түскендер үшін және білім алушылар үшін – үлгерім ведомосынан үзінді (оқу бөлімі растаған, өткен оқу жылының орташа балын көрсете отырып, анықтама болмаған жағдайда).
5) Отбасы құрамы туралы анықтама (тек көп балалы отбасылар үшін).
6) Көрсетілген санаттардың біреуін (немесе бірнешеуін) құжаттық растау, олар болған жағдайда: аз қамтылған және (немесе) толық емес отбасы, жетім, мүгедек.
7) Қол қойылған (оқу орнының ресми бланкісінде немесе мөрімен расталған) оқуға қабылдау туралы/оқу туралы анықтама (Заңды тұлғалардың төлеуі үшін 1 (бір) оқу жылындағы оқу құны, оқу курсы мен нысаны, қаржылық берешегінің жоқтығы көрсетіледі)
8) Конкурстарға, олимпиадаларға және т.б. қатысу туралы куәландыратын құжаттардың көшірмелері (бар болса).

** Жұмыс органы және (немесе) Комиссия қосымша құжаттарды сұратуға құқылы. 2021-2022 оқу жылында өтінімдер техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің неғұрлым сұранысқа ие мамандықтары мен біліктіліктерінің, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының тізіміне (бұдан әрі – тізім) сәйкес қабылданады. 2020-2021 оқу жылында тізімге енбеген мамандықтар мен білім беру бағдарламалары бойынша қаржыландырылған студенттер конкурстың барлық критерийлеріне сәйкес келген жағдайда конкурстық іріктеуге қатысуға мүмкіндігі бар.*